

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 131 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 мамырда № 9-7-99 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 04-10/234 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 12.04.2010 № 04-10/234 хаты).

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 "Белгілінген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы" Қаулысына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыру комиссиясының жұмысы ұйымдастырылсын және шақыру күніне дейін он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған, оқу орнындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа келмеген және шақыру бойынша әскери қызметке белгіленген мерзімін өтемеген азаматтардың мерзімдік әскери қызметке кезекті шақырылуы 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

2. Селолық округтер әкімдеріне аудандық шақыру және медициналық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруына барынша ықпал жасауды

қ а м т а м а с ы з

е т с і н :

1) әскерге шақырылғандарды шақыру жүргізілетіні туралы уақытында х а б а р л а н д ы р у д ы ұ й м д а с т ы р у ;

2) әскери қызметке жіберілетін әскерге шақырылғандарды салтанатты шығарып салу жөніндегі шаралар ұйымдастырсын.

3. Қостанай облысы әкімиятының Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Әуликөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) қажетті дәрігер–мамандар, орта медицина қызметкерлерін қажетті мөлшерде бөлсін. Оларды қажетті медициналық құрал – саймандармен

қ а м т а м а с ы з

е т с і н ;

2) әскерге шақырылуға жататын барлық азаматтар флюорографиялық тексеруден өтсін, қанның жалпы талдау, зәрді жалпы талдау, мерезге серологиялық зерттеу, жүректің-электрокардиограммасы.

4. "Әуликөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын:

әскерге шақыру кезеңіне келсім–шарт негізінде әскерге шақырушылардың жеке істерін ресімдеу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен екі техникалық қызметкер қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі Істер Департаменті Әуликөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) жедел әскери қызметке шақырудан қашқандарды іздеу мен ұстауды а т қ а р с ы н ;

2) әскерге шақыру комиссиясынан өту кезеңінде шақыру пунктында әскерге шақырылынғандар арасында қоғамдық тәртіпті сақтау үшін күн сайын сағат 9.00 ден 18.00 дейін бір полиция қызметкерін бөлсін;

3) әскерге шақырылғандарды Қостанай қаласының жиналу пунктіне аттандырғанда әскерге шақырылғандардың командаларының автобустарын ілесіп шығарып салуды ұйыдастырсын.

6. "Әуликөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) әскерге шақыруды ұйымдастыру және өткізу бойынша шараларды "Әуликөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіні қаржылындарудың жоспарында көзделген бос қаражат есебінен қаржылындыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімнің орынбасары Қуанышбаев Болатхан Ахметұлына жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы сәуірде шыққанынан бастап іс-қимылға таратылады.

Ә у л и е к ө л

ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Б. Ғаязов

"Әуликөл ауданының
қорғаныс істері жөніндегі
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Түгелбаев Марат Теңізбайұлы

Қазақстан Республикасы
Ішкі Істер министрлігі
Қостанай облысының Ішкі
Істер Департаменті
"Әуликөл ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Жағыпаров Арыстан Жұмашұлы

Қостанай облысы әкімиятының
Қостанай облысы денсаулық
сақтау басқармасының
"Әуликөл аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

Шульгин Сергей Владимирович